

*«Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді,  
қазаққа қызмет қылмай қоймаймын!..»*

*«Потомки ханов имеют непреходящий долг перед казахами и,  
пока я жив, не перестану служить казахам!..»*



**ӘЛИХАН НҰРМҰХАМЕДҰЛЫ  
БӨКЕЙХАН**

*Аюкөйсан.*

(1866–1937)



# Ә Л И Х А Н Б Ө К Е Й Х А Н

ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ 9 ТОМДЫҚ  
ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫ

VI ТОМ

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛДЕРІНДЕ

МАҚАЛАЛАР  
ЖАЗБАЛАР  
БАЯНДАМАЛАР  
ҮНДЕУЛЕР  
ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР  
ӘДЕБИ АУДАРМАЛАР  
ХАТТАР (АШЫҚ ХАТТАР)  
ЖЕДЕЛХАТТАР (ТЕЛЕГРАММАЛАР)

1915–1917

(Самар–Петроград–Минскі–Орынбор–Томскі-  
Омбы–Өфе–Алаш)



Астана, 2013



**А Л И Х А Н  
Б У К Е Й Х А Н**

**ПОЛНОЕ СОБРАНИЕ СОЧИНЕНИЙ  
В 9 ТОМАХ**

**ТОМ VI**

**НА КАЗАХСКОМ И РУССКОМ ЯЗЫКАХ**

**СТАТЬИ  
ЗАМЕТКИ  
ДОКЛАДЫ  
ВОЗВАНИЯ  
НАУЧНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ  
ЛИТЕРАТУРНЫЕ ПЕРЕВОДЫ  
ПИСЬМА  
ТЕЛЕГРАММЫ**

**1915–1917**

**(Самара–Петроград–Минск–Оренбург–Томск–Омск–  
Уфа–Алаш)**



**Астана, 2013**

УДК 821.512.122.0  
ББК 83.3 (5 Қаз)  
Б 78

Құрастырушы: Жүсіп Сұлтан Хан Аққұлұлы

Составитель: Жусип Султан Хан Аккудулы

Б 78 Бөкейхан Әлихан Нұрмұхамедұлы (1866–1937). Шығармаларының 9 томдық толық жинағы = Полное собрание сочинений в 9 томах. /Құраст.: Жүсіп Сұлтан Хан Аққұлұлы. – Астана: «Сарыарқа», 2013. – Қазақша-орысша. Т. 6. – 520 б.

ISBN 978-601-277-147-3

ISBN 978-601-277-019-3 (общ.)

Қазақтың көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, энциклопедияшыл ғалымы және көрнекті публицисі Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханның тұңғыш толық шығармалар жинағы оның 1889–1985 жылдар аралығында мерзімді басылымдарда, ғылыми журналдар мен жинақтарда жарық көрген ірі ғылыми монографияларын, ғылыми зерттеулерін, саяси публицистикасын, әдеби сын мақалалары мен аудармаларын және жеке хаттарын қамтиды.

Осы жинаққа енген барлық материал Сұлтан Хан Аққұлұлының (Жүсіптің) авторлық меншігіне жатады.

Первое полное собрание трудов и сочинений выдающегося казахского общественного и государственного деятеля, ученого-энциклопедиста, одного из основоположников казахского краеведения и видного публициста Алихана Нурмухамедулы Букейхана включает его научные монографии и статьи, политическую публицистику, исследования по казахской литературе и литературные переводы, опубликованные и изданные в период с 1889 по 1985 гг., а также письма.

Авторские права на все материалы, вошедшие в настоящий сборник, принадлежат Султан Хану Аккудулы (Жусип).

УДК 821.512.122

ББК 83.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-277-147-3(VI-том)

ISBN 978-601-277-019-3 (общ.)

© Жүсіп С. А., 2013

© «Сарыарқа», 2013

## ӘЛЕКЕҢНІҢ ӨМІРІ<sup>1</sup>

(Смахан төре Нұрмұхамедұлы Бөкейхан)

### БІРІНШІ ДӘПТЕР

Кесекем жиырма алтыда, әжем жиырма екіде Ахам туған. Қызыларайда 1865<sup>2</sup> жылы. Тасағы, кіндігі кесік туған.

Жиырма жеті жасында оқу бітірген Петербордан, 1892 жылы<sup>3</sup>. Алты жасқа дейін тілі шықпаған. Бала болып ойнағанда қос тігіп ойнайды екен. Балуан, аусар, теріс бұтақ, қисық, көнбейтін. Бақсы, балгер, құмалақшыны «өтірік айтасың» деп, «орны қане; тырп етші; жының қайда?» – дегенде, бақсы айтады екен: «Әлихан келсе, жын қашады» – деп.

Жас күнінде асықты көп ойнайды екен. Нәсілі қырғыз Нұржан Шоңұлы: «Асықты жақсы атушы еді» – деп еді.

Ойыншы, күлдіргі. Асығын ұтқан балаға асығын береді екен. Жасы үлкен, зорлықшыл баланы сабайды екен. Алтыбақан тепкенде, әйгөлек ойнағанда, зорлық қылған қыз-келіншек, бозбаланы «тыныш отыр!» деп жайғастырып қояды екен. Ел көшкенде түйесі ауған балалы қатындардың түйесін басып береді екен. Шаңырағын көтере алмай жатқан жесір кемпірлердің шаңырағын көтеріп береді екен.

Оқудан келгенде таңертең түйеге, одан кейін қозыға, бұзауға су құяды екен. Ботаны жібереді. Қозы бағып, күн қызғанда

1 Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханның туған інісі – Смахан төренің естеліктері.

Смахан Нұрмұхамедұлы Бөкейханынның төте жазумен түсірілген қолжазба естеліктері жұқа 18 дәптерден тұрады. Естеліктердің толық мәтіні 1996 және 2003 жылдары «Жұлдыз» журналында жарияланды, атап айтқанда алғашқы 10 дәптердегі естеліктер 1996 жылы журналдың 3 санында (102–125 беттер), қалған 8 дәптердегі үзіндісі 2003 жылғы 3 санында (108–121 беттер) басылды. Қазіргі естеліктер алғашқы 10 дәптер естеліктердің 1996 жылғы журналда шыққан нұсқасынан шамалы қысқартылып беріліп отыр (Қара: Бөкейхан, Смахан. Әлекеңнің өмірі. //«Жұлдыз» журн., № 3, 1996 ж., 102–125 б. Алматы).

2 Ә. Н. Бөкейханның өзі 1937 жылы Бутырка түрмесінде толтырған «тұтқын анкетасында» 1866 жылдың 5 наурызында туғанын жазып көрсетеді.

3 Ә. Н. Бөкейхан С.-Петербордың Императорлық Орман Институтын 1894 жылы бітірді.

ауылға әкеп, суарып, иелеріне тапсырады екен. Күндіз құлын суарады, ел көшкенде, ат ұстағанда көршілеріне, нашар жетім-жесірлерге ұстап береді екен. Ат жетпегенде миңгестіріп алады екен. Ауыл қонғанда құдық қазады екен; жылқыға барса ұйықтамайды екен. Қойшы: «Әлихан, шаршадым» – десе [Әлихан]:

– Бүгін ұйқыңды қандыр! – деп, қойды бағып кетеді екен.

Үлкен әке-шешесі қасыңда болып, әкесі аңшы, құс салады, анда-санда аңнан келеді. «Кісі кім» деп, содан әкесін «Кесекем» дейді.

Әкесінің – аты Нұрмұхамед, қазақ Мықан төре дейді. Шешесі Бекжан – Бежекем дейді. Шешесі тобықты, Мамай батырдан Жолбарыс, одан Дулат, одан Бекжан, одан Әлихан. Қазақ «Бегім ханым» дейді.

Әкесі Бөкейханнан Батыр, одан Мырзатай, одан Мықан, одан Әлихан. Мықанның нағашысы – Қуандық ішіндегі Көнсадақты Хұдайменде қызы Бопай ханымнан туады Мықан.

Әлиханның шешесінің әкесі (тобықты Мамай батырдан) Дулат батыр – ұры, бір жегенде бір уақ малдың етін жеп, сорпасын ішіп кетеді екен. Ұрлыққа аттанарда үлкен қойдың құртын алып кетеді екен. Бір жұмалық жолға барып жылқы алып, күндіз жатып, түнде жүре береді екен. Он күнде бір құртты аузына салып, суын жұтып отырады екен. Еліне, үйіне келгенде бір семіз малды сойып бір-ақ жейді екен. Дулаттың екі қызы: бірі Бекжан – Әлиханның шешесі, бірі – Бошантай (Рызықбай шешесі) – Хұдайберді әйелі, Құнанбай келіні.

[Әлихан] оқудан келіп жүргенде жылқыға жау тиіп, төбелесіп, басын жарғызып, жылқы айырып қалған. 15 жасында 1880-інші жылы «жетіаяз» деген суықта әкесімен аңға барып, бүркіт суықтан жоғары ұша алмапты, екі түлкі алғызып қайтыпты, Қараүңгір Апақай деген жерден. Сонда тоңбапты.

Әуелі жеті жасында Қарқаралыда ноғай Зариев моллаға мұсылманша оқуға беріпті. Тоғыз жаста Қами Бекметов үйіне қойып орысша оқытыпты. Содан күтімсіз болып, интернатқа өз бетімен түсіпті. Сонда оқып жүргенде кінәз генерал-губернатор

Колпаковский Қарқаралыға келіп, интернатқа түсіп, балаларға: айтыпты: «Омбы мен Қарқаралы арасы 760 шақырым, арбаның дөңгелегі неше айналып келді?» – депті. Сонда Әлихан есебін шығарыпты. Колпаковский Омбыға жіберіпті, содан технише-ски школға түсіріпті. Соны бітіріп, содан Петерборға жіберіп, лесной университетке түсіріп<sup>4</sup>, лесной ученый лесовод деген атақ беріпті, соны бітіріпті, помощник лесничихи болыпты, одан таксатор болыпты.

1895 жылы оязбен болыс сайлауға келген. Қазақ «Ақжелке» дейді – [фон] Кинниц<sup>5</sup>.

1896 жылы «всеобщи переписпен» комиссия болып қазақ жерін, елін, малын жазуға шыққан: Омбы оязы – атығай, қарауыл, қыпшақ, керей елдеріне; одан Павлодар оязы Баянауыл еліне – сүйіндік, қаржас, қанжығалы, қозған, бәсентин; одан Семей оязы – найман, уақ, керей, тобықты, бәсентин, бура, бозғозы, жәуетей; одан Қарқаралы оязы – қаракесек, керей, төлеңгіт, шұбыртпалы, тобықты; одан Ақмола облысы һәм оязы – қуандық, бегендік, шегендік, қанжығалы, тарақты, тама, төре, төлеңгіт, керей; одан Көкшетау оязы – атығай, қарауыл, керей, қыпшақ; одан Атбасар оязы – найман, бағаналы, балталы, қаракесек, бошан, жанту, тоқтауыл, қозған, қақсал; одан Өскемен, Зайсанның найман, қытай мен жапсар; одан Торғай облысы һәм оязы – саржетім, айдарке, шақшақ Жәнібек елдері, алты көшей; одан Ақтөбе оязы – тама-табын, рамадан, кердері, телеу, жағалбайлы, кіші жүз.

Әлихан қазақтың елін, жерін, суын, қалай өмір сүруін білу үшін аралаған. Қала салып, егін салып, бала оқытып, бай-кедей демей-ақ жеткіземін деген ойға кезіп жете алмады.

Әлекең «оқыдым» деп басына пайда қылмаған, мал жимаған, үй салмаған, үй тігіп, бие байлап, қымыз ішіп, қазақша дәурен сүрмеген. «Қазағым, елім!» – деп кеткен. Пара алмаған, қазақтың

---

4 Дала генерал-губернаторы Герасим Колпаковскийдің нұсқауымен Әлихан тек Омбының техникалық училищесіне түсті.

5 Қарқаралы оязының бастығы (начальнигі) ротмистр фон Кинниц, ұлты поляк.

елін, жерін аралап көрген. Өмірін «қазақты ел қыламын» деп сарп еткен:

- 1) 1905-інші жылы көтерілісте Тұзқалада ұсталып, Павлодарда алты ай абақтыда жатты<sup>6</sup>. 12 мартта Смахан барды.
- 2) 1906-ншы жылы Государственни Думаға Семей облысынан депутат болды. Қарқаралы, Семей, Павлодар, Өскемен, Зайсан бес ояз ел жеке қара сайлады. Выборгски возванияға барып қол қойды, Думаны жапты. Әлихан 1908-інші жылы сегіз ай Семей абақтысында отырды. Қазаққа керек адам. «Абақтыда ауырды» – деп Семей тобықтысы жиылып, күнде абақтыға барып, Әлекеңмен әңгімелесіп, ел адамдары сегіз айды Семейде өткізіп, сегіз күндей-ақ қылды. Тобықты Оразбай баласы Медеу он құлынды бие Шағылға байлатып, күнде абақтыға бір саба қымыз апарып, бір бағлан сойып, мәжіліс құрып, осындай өмір өткізді...

Әлекең байшыл адам емес, жанның бәрін бірдей көреді. Ешкімнен ешнәрсе алайын демейді, пара алмайды. Қазақтың қамын жеген сорлы, тілеуі қабыл болмай арманда кетті. Есенгелді, Саржан, Кенесары, Наурызбайдай арманда кетті, қайтейін!

Дүние жалғанда шәһит, қиямет таңда Алла, ел үшін өліпсің! Туған адам өлмек, жау қолында шәһит болыпсың! Дүниеден кеттің арманда, армансыз кім бар жалғанда, топырағын торқа ғып, рахым айла қылғанға...

\* \* \*

Әлекеңнің жолдастары: тобықты Шаһкәрім, Тұрағұл, Арап, Медеу, Оспан, Бейсембай, Көкбай, Ике, Жақия, Қаражан, Матайбай, Кәкітай, ербала Қалдыбай, ерші Жанғазы, уақ

---

6 Әлихан өзінің «Выборы въ Степномъ крае» атты естелігінде (Қара: Сборник «Къ 10-летію Первой Государственной Думы». СПб. 1916 г., изд. «Огни».) 1906 жылдың 8 қаңтарында Тұзқалада («Ямышевскій» кенті) тұтқындалып, Павлодар түрмесіне жабылғанын, сол жылдың 15 сәуірінде Омбы түрмесіне ауыстырылып, 30 сәуірде бостандыққа шыққанын жазады. Демек, Әлихан түрмеде 4 айдай отырған.



Темірғали Нүрекин<sup>7</sup> һәм ғайрилары Семей елдері. Қуандықта Нұрлан Қияш баласы, Жәңгір Бекәліұлы Қоңырқұлжа немересі, Көнсадақты Хұдайменде шөбересі, Ақмола қазақтары.

Баянауыл қаржаста Сәдуақас Мұсаұлы, сүйіндікте Мұқыш Боштайұлы, қанжығалыда қарт Бөгенбай тұқымы, (Ақмолада) Төлебай Нұралин, тобықтыда Нармамбет, Хасен, Имамбек, Сүлеймен, Шаймерден, Юсупхан, Нұржанұлы, Игілік Ханхожаұлы, Малғаждар Сыздықұлы.

Әлекең қазақты «сен ұлысың, болыссың, байсың, кедейсің, батырсың» демейді. Қазақтың өздері «жолдаспыз» деп жүреді.

Қазақ мақалы: «Торғай жаңбыр жауса балапанын қорғайды, бұршақ жауса – басын қорғайды». Біздің халқымызға, елімізге тас жауды, бірімізді-біріміз қорғай алмадық, өлігімізді көре алмадық, тірімізге амандасып, қош айтыса алмадық. Орысқа оқ атпай, қылыш суырмай қараған сахарада қарусыз сорлы қазақ!

\* \* \*

Әлекеңнің бір жолдасы – қарқаралық қаракесек Хасен Ақайұлы, найман Зайсан елі Қыдырмолла – байжігіт.

Қазақтың әр елінде «Әлиханмен жодаспын» деп жүрген қазақ баласы аз емес. «Қазақтың баласын оқытып, егін салып отырықшы ғып, қала салғызып ел қылу, бірте-бірте оқумен болады, күшпен болмайды; бай-кедей демей-ақ үйретеміз» – деуші еді.

Бай емес, өзі кедей баласы. Кедейді қор етіп, байды зор тұтқан емес. Орыс халқы қазақты ел демегенге арланып, жас күнінен орыспен өш, шен киіп, шекпенге сатылған емес.

Әлекең оқу оқып, елге кеп жүргенде жүз қаралы қой айдаған адамға жолығады:

- Бұл кімнің қойы? – деп сұрайды. Қойшы айтады:
- Төренікі.
- Төрең кім?
- Косте.
- О қайда?

---

<sup>7</sup> Темірғали Нүрекенұлы (немесе Нүрекин, орыс мұрағаттарында «Нороконев» немесе «Нороконов») – Ә. Н. Бөкейханның ұсынуымен Семей қазақтары атынан Екінші Мемлекеттік Думаға депутат болып сайланды.

– Өне келеді.

Келсе – стражник Косте пұшық – Қарқаралы қазақ-орысы [казак], омырауында жарқыраған төренің белгісі бар: «Лучшая икра» [?] деген жазуы бар.

– Сен кімсің?

– Мен Костя.

– Қайдан келесің?

– Шеттен – кәрсон-керней, шұбыртпалыдан...

– Қой кімдікі?

– Менікі.

– Қайдан алдың?

– Елден.

– Не деп алдың?

Үндемейді. Костеге дүрені соғып, қойды алып қоя берген. Мұны Дайыр төре естіп, әкесі Мықанды шақыртып алып: «Балаңды қойғыз» – депті.

Дайырдың әкесі Сұлтанғазы Бөкейханұлы патшаға барған, шен алған, шекпен киген. 1824 жылы Қарқаралы қаласын салдырған. Әлекеңнің атасы Бөкейханның бір қатынының баласы – Батыр төре. Қудың Қызыл шілігі қыстауы екен. Баласы Рүстем «Жалықбас» деген елдің болысы екен. Орысқа қарамаймын деп, болыстығын тастап, 1830 жылдар елін ерітіп ауыпты. 1838 жылы Алатауда Мерке қаласы мен Шу арасында Қорағашты Қоскөл деген жерде Әлекеңнің әкесі Мықан төре Мырзатай баласы туыпты...

## ЕКІНШІ ДӘПТЕР

...1910-ыншы жылдан 1917-нші жылға дейін Самарда тұрды, земелни оценщик болып. Одан қазақтар жиылып Алашорда құрамыз деп, құра алмады...

\* \* \*

Омбыда Севостиянов<sup>8</sup> деген орыстың қызын<sup>9</sup> алып, одан бір ұл<sup>10</sup>, бір қыз<sup>11</sup> – Омбыда туды. Оязбен сайлауға келгенде, үлкен әкесі мен Дайыр Сұлтанғазы баласына сәлем беремін деп келіпті. Сонда Әлиханға айтыпты:

– Оязың ақсақалды күте ме?

Сонда Әлихан айтыпты:

– Сақал текеде де бар, ақсақал әртүрлі болады ғой?!

– Оязың пара ала ма? – депті.

– Жоқ, алмайды, – депті.

– Оязың нан жеп, шай іше ме? – депті.

– Ішеді, – депті [Әлихан].

– Ішсе, болды....Иттің баласы, әкеңнен де ары ит екенсің ғой!  
– депті.

\* \* \*

Әлекең айтыпты: «Надан тобықты Тұмабай асына бардым, оқу оқып жүргенде; шұбыртпалы Ағыбайды көрдім – сексеннен асқан кезі екен. Көсе, соқыр, қара кісі екен. Ұзын бойлы, атжақты... Қазақтар ұран шақырып: тобықты «Қараменделеп», шұбыртпалы «Ағыбайлағанда» – Кенесарының Ағыбайы осы.

---

8 Яков Севостьянов –С.-Петерборда Мемлекеттік бақылау шенеунегі қызметінде болған. 1870-жылдары «халықшылдар» қозғалысына қатысқаны үшін Омбыға жер аударылған. 1895–1897 жылдары Ә.Н.Бөкейханмен бірге Омбының «Степной край» газетінде бірге жұмыс істеді.

9 Елена Яковлевна Севостьянова – Әлиханға 1901 жылы тұрмысқа шықты.

10 Үкітай немесе Өкітай (төлқұжаты бойынша Сергей) – бір дерек бойынша Омбыда, Смахан төренің естелігі бойынша С.-Петерборда туған.

11 Елизавета немесе Лиза – Әлиханның жалғыз қызы, 1903 жылы Омбыда туған.

Екі жағынан белбеуінен екі кісі ұстап отырды: – Батыр селкідеп кетті, – деп еді.

Әлекең айтты: «Тоқырауында қозы бағып жүргенімде тобықты Көтен балуан бейітін көрдім. Басына қойған өзі шапқан қайың саптаяғын көрдім, айналасы жеті қарыс.

Көтен жас күнінде қайнына барып жатқанында, түйе кұдыққа жығылып, ауыл жиылып суыра алмай: «Қалған кісі бар ма?» – дегенде: «Күйеу қалды» – депті. Шақыр! – дегенде, күйеу айтыпты: «Өзіме жеке берсін» – деп.

Сонда бәрі кейін тұрып, келіп түйенің құйрығы мен артқы өркешінен алып тартқанда, етігі шажамайынан айрылып, екі аяғы жерге кіріп, түйені солқ еткізіп суырып тастағанда, құйрығын көтені мен артқы өркешіне дейін бір-ақ жұлып алыпты. Содан Көтен атаныпты. Көтен – надан тобықты, Ақсақ Бораншы Бақал деген ауылдан шыққан.

\* \* \*

Әлекең 1918-інші жылы Орынбордан Қарқаралы, Семей келді. 1919-ыншы жылдың басында қызылдар келді. Алаш әскерінің бастығы найман Қазидеген жигітті атты мартта. Әпірел басында қызылдар қашты. Марттың 24-інде Сталин Әлекеңді «прямой проводқа» шақырды: «Біз Мәскеуде алдық, Қазақ аутономия қайырлы болсын! Өзің кімсің?» – деп.

Сонда қазақтар үлкен Семейде Жүмеке Оразалин дегеннің үйіне жиылып кеңесті. Сонда Әлекең: «Қару-жарақсыз нашар елміз ғой, Сталинге «сенімен біргеміз» дейік» – деді.

Халел Ғаббасұлы, Райымжан Мәрсеқұлы, Ахметжан Қозыбағарұлы, Бидахмет Сәрсенұлы – бұлар айтты: – Атамандар көп, Дутов, Семенов, Корнилов, атаман Анненков қызылды қуады, Сталиннің керегі жоқ,» – деп көнбеді. Әлекең үндемеді. Мұхамеджан Тынышбайұлы, Әлімхан Ермеқұлы екі жаққа да қосылмай қалды. Имамбек Тарабайұлы да үндемеді. Шәкәрім Құнанбайұлы: «Оқығандар, өздерің біліңдер» – деді.

Содан 1919-ыншы жылы қызылдар келді. Тобықты екі партия – шаған елі Ике, Мұсатай. 1919-ыншы жылы әпірелде Ике жағы Мұсатайды атып өлтірді, Сыпатай ауыр жаралы болды. Мұсатай білегіне қызыл байлап, қызыл болып, өзіне қарсы

тұрғандарды шауып, Тұрағұл Жетпісбай баласын атып өлтірді. 20-сыншы жылы керей, найман жиылып, тобықтыға келіп, Мұсатай жағына құн кесіп әперді. 1919-ыншы жылы ноябірде Хасен Ақайұлы, Омар Төлебайұлы жиырма кісі келіп, Икеге түсіп, Исатай Молдабайұлына 200 түйе құн кесіп: «Бір жүзін қалдырып, бір жүзін ал» – деді. Мұсатай көнбей, алмады: «Атқан Мірхан Бурахан баласы, соны бер» – деп.

Молдабай, Бурахан бір туған, Мірхан Бурахан немересі, Исатай Молдабай баласы ақыры құнсыз кетті. Бітімсіздің аяғы Мұсатай, Ике екеуі де жоқ болды. Екеуін бітірмейтін, оқыған ноғай Халел Ғаббасұлы да жоқ болды. Бірін-бірі құртып тынды.

Мұсатай, Икені бітіреміз деп, Хасен, Омардың билігін орындаймыз деп Ахмет Бірімжанұлы, Имамбек Тарабайұлы барып орындай алмады. Әлекең екі жағына да үндемеді.

1919-ыншы – 1920-сыншы жылға дейін Әлекең Тобықтыда болды, [19]20-сыншы жылы өз елінде, өз ауылында, өз үйінде болды.

[19]20-сыншы жылғы Орынборда Қазақ аутономиясын сайлағанда, жиылысқа барып, совет еліне көрінді. «Лесное земледелие» жағына қызметке кіргізді.

[19]21-інші жылы әйелі ауру болып, Семейде опат болды. Өзі сонда Орынбордан келді. [19]21-інші жылы ауылда Желтауда қыстады.

[19]22-ші жылы өктәбірдің 10-ында милитсия келіп «аристоват», етіп Қарқаралыға апарып, Қарқаралы қазақтары амандасып, жыласып, Мәскеуге әкетті.

[19]23–24-інші жылдарда Мәскеуде болып, [19]25-інші жылы елге келіп жайлап, Мәскеуге жүрерде Ыбырайымхан Әзіханұлы, Райымжан Әзіханұлы, Ғалимарданбек Бәзілханұлы, Мәнерхан, Смахан шығарып салып, Семейден қайтқан. Әлекеңді ақырғы көргеніміз осы...

[19]23-інші жылы Әлекең тобықты келіп, қасына Медей баласы Біләл, күйеуі<sup>12</sup>, қызы, Құлке баласы, Өміртай баласы, он кісі ертіп келген.

---

12 Нарымбек Асылбеков – Ә. Н. Бөкейханның күйеу баласы. 30-шы жылдары қуғынға ұшырап, Қиыр Шығысқа жер аударылған. Қазір Шымкент қаласының тұрғыны, зейнеткер.

Жиен қызы үлкен әкесі Дайырға патша берген алтын ыстақанды, көп нәрсе алып, Әлекең үш інісінен үш құлынды бие алып, Өміртай баласы бір ат алып, балалар қайтқан. Тоқырауын суына түсіп, қарақатын жеп, тай сойғызып... Ол бір заман.

1919-ыншы жылы Лепсі оязында Садыр, оқыған Отыншы Әлжановты қызылдар өлтірді. Соған қарсы Семейден 100 әскер жіберілді. Қызылдар келгенде Жапсарбай, Жанғали қажы, Жөкеш үшеуін атты.

Нұрғали Құлжанұлын нахақ, қызылға Алашорданы жамандайды деп Халел Ғаббасұлы, Ахметжан Қозыбағарұлы, Биамет Сәрсенұлы атқызып тастады. «Нұрғалиді атқыз» – деп Әлекең айтқан жоқ. Осындай оқиғалар болды өткен заманда...

\* \* \*

1910-ыншы жылы М.В.Д. Надарев<sup>13</sup>: бұлар «политический неблагонадежный» деп Қарқаралы оязынан тоғыз адамды екі жылға жер аударды:

1) Ахмет Байтұрсынұлы, 2) Жақып, 3) Ыбырай Ақбай балалары, 4) Хасен Ақайұлы, 5) Ахмет Райымбекұлы, 6) Бодаубек Райымбекұлы, 7) Ысмайыл Байтенұлы, 8) Асылбек Сүлейменұлы, 9) Смахан Бөкейханұлы.

Смахан Түркістанға оқуға кеткен, Сырдария облысына. Бұларды Орал, Семей, Ақмола, Жетісу облыстарына кет деген. Смахан, Асылбектен басқа жетеуі Самарда Әлекеңе барып: – «Смахан қайда?» – деп сұраған.

– Оқуға кетті.

– Бәрекедді, жігіт болған Смахан. Сендер екі жылға несіне орысқа жалынасыңдар!? – деген.

Бұлар Әлекеңе өкпелеп, Әлекең Петерборға барып, бұларды Стаховиш деген адамға апарып, ол адам Надаревпен сөйлесіп, он бір айда бәрін құтқарып қоя берген.

Кейін [19]17–18-інші жылдарда Алашорда құрылып, сонда осы айтылған тоғыз адамға мөр басқан, нахақтан жала жапқан Қарқаралы жиырма екі болысы, түгел соларды жер аударалық, бізді жылатты, шығындатты дегенде, Әлекең айтты:

13 Дала өлкесінің 1905 жылға дейінгі генерал-губернаторы Надаров.

– Қазақ, ел боламын десең кек қума. Шарифат Алланың шын құлы кешірімді деп айтады, – деп қойғызған. Бұған Ақбай балалары, Ақай баласы Әлекеңе наразылық қылды. Шәкәрім қажы:  
– Әлекеңдікі жөн, – деді.

\* \* \*

1898-інші жылы комиссия болып Әлекең Қарқаралы оязы, Дегелең елі Байбөрі деген елді жазды. Бай мен кедейдің қыстау жері арасын ашады. Көп жерді кедейге әперді. Сол елде Төртен қажы, Кешубай деген елден шыққан бай, мықты адам – сиырдың ішіндегі бұзауға бола сатып алған адам – «қызыл бұзау иесі» дейді. Соны тіркейді. Параға елу сом береді. Қажыны елу сомымен абақтыға жібереді.

Елі шулап: – «Бұл өзі төре дейді, қажының тоқалы төре қызы емес пе еді?!» – деп төркініне шауып, Кент еліндегі Бөкейханның бір қатынының баласы Көксала тұқымы – Әлисұлтан немересі – Мұса төренің қызы екен, сол келіп:

– Байыңа айт: кедейлерді жылатпасың, бұзауын алмасың, кейін абақтыдан шығар деп қайырған.

– Бізге параны балдызым болған соң бердім, – деген [Төртен қажы].

Ақыры шығарған.

## ҮШІНШІ ДӘПТЕР

Әлекең жас кезінде қыз балалар, ер балалар интернатта бірге оқыпты. Сонда балалар төбелескенде, бір жағы «бөкейлеп» ұрандап, Акимов судия сотқа беріпті. Жолдасы враш Мамлеуов деген орыс, Баязит деген шенеуніктің баласы екен, жәрдемдесіп, соттасып, аман құтылыпты. Оқудан шығарыпты, Колпаковский оқуға алыпты. Оқудан қайтып Қарқаралыға келгенде Нармамбет болыс жолығып:

– Арбама мінгізіп, үйіңе апарайын, – дегенде, [Әлихан], – Мінбеймін, – депті.

– Мен сені тілмаш қып алайын деп едім, мұның қалай? – депті, – Мұқаң әкең де кедей ғой, жәрдемдесейін деп едім, – депті. Сонда Әлихан айтыпты:

– Әкең Ормамбет Рүстемнің кәрі тоғанын аламын деп дауласқанда, сен қайда едің?! Әміре Дұрманұлы Айтбакин оязға помешнек болып Қарқаралыға келгенде, әкем Мықан не дегенін білесің бе? – депті: – Әміреге Мықан айтқан: – Сенің қойныңа салатын Ормамбеттей қызым жоқ, Жерімді сен әпере алмайсың, сен ала алмайсың. Анау отырған Дайырдың бар малы менікі, – депті.

Сонымен Ормамбетке Әміре айтыпты: – Мына пәленің жерінен аулақ жүр! – депті. Рүстемге бір ақ түйе, бір ат беріп Ормамбет кетіпті. Рүстемнің інісі Мырзатайдың баласы – Мықан төре.

Ормамбеттің әкесі Байжомартты Жантас байлап жаяу айдағанда, айырып алған Рүстем төре екен.

Әлихан оқудан қайтып келе жатып тобықты Разақберді болыстың үйіне түсіп, кіріп келсе, төлеңгіт Қайшыбай бақсы Қадиша деген қызын бағып, қазанды қыздырып ойнап жатыр екен.

– Қане, тырып етші, миыңды аузыңа түсірейін, өтірік елді алдама! – депті [Әлихан].

– Ойбай, жын кетіп қалды! Масқара болдым! – деп бақсы жылапты.

\* \* \*

Бөкейдің патшаға барған Сұлтанғазы баласы Дайыр бай адам, Ормамбетпен құда. Бөкейдің Батыр деген баласының баласы – Рүстем, Мырзатай... Рүстем орысқа қарамаймын деп 1830-ыншы жылы ауған.

Әлекең қазақтың аталы аулының ұрлық, зорлықшылдығын жек көретін, бірақ қазақтың кедейін азғырып, байымен партия қылуды ұят көретін («Өлді Мамай – қор болды»). Қазақтың оқыған азаматтарының байшыл, пара алғыш, баймен құда болғышын Әлекең тәуір көрмейтін, бірақ сыртқа білдірмейтін. Тәуір көретін екі-ақ адамы бар: Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабайұлы.



Әлекеңнің мінезі: еш қазақпен аразбын демейтін, қастық қылмайтын, жек көретін адамымен амандаспайтын, сөйлеспейтін. Қазақтың ешнәрсесін алмайтын. «Өлгенде 2,5 кез жер керек» – дейтін. Әкесі Мықан төре өліп, інісі «Шолақ Қаражалды аламын» дегенде, інілерін жылатып соған берген, қыстауынан шығып.

\* \* \*

Бөкейханның бір баласы Батыр қыстауы Қудың Қызыл шілігі Қостөбе деген жерде. Алтай Алдажұман тоғызқұмалақ ойнайды екен. Алдажұман жиырма кісімен келсе, ауыл көшіп кеткен. Ол уақытта Алдажұман үшқара, қожан ішінде 1820 жылда, одан кейін ұдайы Наршөккенде екен.

Жұртта жардың көлеңкесінде аяғы ақсаған еркек қой қалған екен. Соны сойып, тас қуырдақ жасап, түнімен тойып, құдықтың суын ішіп, сонда Алдажұман айтқан екен:

– Өңге төренің үйіне қонғанша, Батыр ағаның жұртына қон!

Батыр Ашымтай қырғыз деген елге болыс, Рүстем Жалықбас деген елге болыс. Батыр өзі орыс патшасына барыпты. Қасындағы жолдасы Сырым құлық Әжібай деген кісі екен, жөнді қырғыз Әлібек би деген кісі екен.

Рүстем «орысқа қарамаймын» деп болыстығын тастап, 1830-ыншы жылы ауғанда, Қудан жолдасы қырғыз Оразалы, Майлық, Болтай шор, Ашымтай аумаи елде қалған. Батырдан Рүстем, Бексұлтан, Мырзатай ауып бара жатқан. Осы Балқашта Мырзатайдың бәйге құнанды жолбарыс соғып, соғы ізімен барып Рүстем соғып алыпты.

«Орысқа қарамаймын» деп ауған Бөкейдің бес немересі: 1) Хұдайменде Сұлтанғазыұлы, 2) Қантай батыр Абылғазыұлы, 3) Оңқаұлы, 4) Жәдік, 5) Рүстем Батырұлы.

Кенесары Ақмоланы алғанда, атығай басығара Қантай батыр Абылғазыұлы оққа ұшқан. Хұдайменде Кенесарыға қосылып, Саржанның Халифа сұлу дегенін алған. Оңқа, Жәдік шешек шығып өлген, Рүстем қайтып келген. Жамантай, Құсбек – екі немере ағасы Шаншарға әмір ғып біздің ауылды қуған. Қудың сыртында «Төреқашқан» деген өзен бар.

Содан Боқты кент келіп Батыр төре өліп, Боқтыда Түңілік өзені күнбатыс қабағында Әбілғазы қарашоқысы, күншығыс алдында бейіті бар. Сұлтанғазы шешесі Жал ханым Бөкейдің сүйегін артқан түйені жаяу жетелеген сонда. Серкелі Сарыбай баласы Жолдасбай сонда Ашымтай, Бексұлтан Боқтыда қалып, Рүстем, Мырзатай Тоқырауынға Сарым ішіне келіп 1858-інші жылы. Ол күнде төренің жаңа туған баласы тас салады екен болысқа. Қазақтың 10 сом алым тартқаны тас салады екен.

Рүстем Сарым Шөңкібаймен сөйлесіп: «Сені болыс қоямын, маған жер бер», – деп, Үлкен Желтау айналасымен Тоқырауын, Ақтұмсық, Аяқ Сартерек, Қызыларайды алыпты. Шөңкібайды болыс қылыпты. Рүстем төренің бейіті Аяқ Сартеректе, сексен төрт жасында өліпті. Қыстауы Желтау Қараүңгірде, інісі – Мырзатай қыстауы Қаражалда. Желтаудың оңтүстігінен екі Қызыларай арасынан Жіңішке деген өзен Тоқырауынға құяды. Жіңішке өзенінде Мықан төренің бейіті бар, 1901-інші жылы алпыс екі жасында опат болған. Әкесі 1913-інші жылы опат болған, тоқсан үшінде. Мырзатай баласы Әбдіхан, Шолақ, Матқан сонда, Әбітай, Қоқағали, Рүстем балалары сонда. Мықан төренің Әзіхан деген баласы сонда, [19]32-нші жылы ноябірде алпыс жасында опат болған.

Татхан Мықанұлы<sup>14</sup> 1905-інші жылы 2 феуралде құрт аурудан жиырма бесте опат болып, сонда.

Базылхан – Мықан[ның] кенже баласы, бай атымен айдалып, қырық сегіз жасында Ново-Кузнетскіде [19]32-нші жылы декәбірде опат.

Смахан Мықанұлы – жетпіс жеті тірі<sup>15</sup>, Балқаш қаласында өлім күтіп отыр.

Қасымхан Әбдіханұлы өлім жазасына бұйырылып, [19]28-інші жылы құтылып, [19]36-ншы жылы қырық алтыда Алматыда опат болған.

14 Мырзатайұлы Нұрмұхамедтің Әлиханнан кейінгі ұлдары әкесінің елдегі Мықан (немесе Мұқан) деген атымен жазылып жүрген. Мысалға: Бейбіт Сапарәлінің «Құнанбай қажы» кітабында Смахан төре «Смахан Мұқанов» деп көрсетілген.

15 «Жетпіс жеті» деп Смахан төре өзінің жасын айтып отыр.

Мәнерхан Шолақұлы [19]33-інші жылы айдалған, өлі-тірісі белгісіз.<sup>16</sup>

Қожайхан Мәтханұлы айдалған, әскерден белгісіз.

Әділхан Қоске баласы – Хансандық Тоқырауында, Рүстем бейіті жанында...

Әлекеңнің үлкен әкесі Мырзатай тоқсан үште опат болған. Мал баққан, ит жүгіртіп, құс салған. Ерлік, билік қылған емес, ала адам. Баласы Мықан төре, нағашысы қуандық ішіндегі Көнсадақты Хұдайменде қызы.

Әкеміз қынабы жоқ қылыштай, екі жүзді құрыштай: асығып салсаң қыныңды тіледі, байқамай отырсаң – мықыныңа кіреді, өткір, шешен, ер, мықты. Кедей Әжік қожа қойлық Жақып деген ұрысы болыпты. Қара аю Танабайдың қысырағын қырып, Ақбай ағайыны малына ие болып, сұрап мазаларын алып, боқтай беріпті. Қарқаралыда Мықан Жақып ұрысына айтыпты:

– Ақбай келсе өлтір! – деп.

Оңашада келіп, ұрып жығып тастапты. [Ақбай] есін жиып: «Әй, Жақып, Майқы Танастың баласымыз, мені Мықан келмей жібер», – депті. [Жақып] қоя беріпті. [Ақбай] шыға сала «аттан» салып, үлкен төбелес болып, ақыры бітім болып жайғасыпты.

Рүстем батыр есті, мықты адам. Мықан інісінің баласы қолында болыпты.<sup>17</sup> Рүстемге Аяқ Сарытеректен үй салып беріпті. 1884-інші жылы қайтыс болған. Желтау Қараүңгірде бір қыстауы бар, Желтау сыртында Молалы бұлақта күзеуі бар.

Рүстем, Мықан Ақтұмсықтан тоған алып, бидайды көп алып, тобықты Қалдау Тарыбай, Сәмбет Рүстем тоғанына егін салып, содан байыған. Сарытеректің күнбатысында, Сарытеректің күншығысынан Ақтұмсықтан тоған алып, көшкін Қазыбай, Тоғамбай Балжан баласы тоғанды аламын деп көшіп, біздің ауылмен төбелесіп, Манасбай Жолбарыс баласы қолға түсіп, Жақып қатыны «отқа салып өртеймін» дегенде, әрең айырып

---

16 Автор «әскер» деп II-дүниежүзілік соғысты айтып отыр.

17 Рүстем төренің қолында Нұрмұхамедтің үлкен ұлы Әлихан тәрбиеленсе керек. Өйткені, осы естеліктен байқағанымыздай, Әлихан өз әкесін «Кесекем» («кісі кім?») деп атаған.

алған. Содан көшкін жеңіліп, Мықан төре тобықты Андағұл Тоқал, Ханқожа дейтін, Есілбай деген ауылды әкеп, бірге егін салып, тоғанның сыртқы арығы Ханқожа, ішкі арығы Рүстем жаңа тоғаны.

Сонымен, 1890-ыншы жылдан [19]33-інші жылға дейін тобықты Тоқал Ханқожа елімен жақсы өмір сүріп келдік. Дәуқар батыр тоқал баласы Байқотанның Қамиымен Рүстем тоқалының баласы Бекітай құда болып, Әшірбек деген баласына қызын әперді. Игілік Мықан төренің жолдасы болды. Қами Смаханның құрдас жолдасы болды.

\* \* \*

Әлекең айтушы еді: «Қазақ елі – ақылы кірмеген жас бала сияқты. Баланы құшақтап сүйіп отырсаң, төсіңе сиіп жібереді. Қазаққа тиме – өмір, тұрмыс, ғылым көрсетеді, үйретеді». «Оқу оқы, егін сал, пішен шап, өнер үйрен, ағаш шап, темір соқ, етік тік, мылтық ат, жақсылап ән сал!» – деуші еді.

\* \* \*

1916-ншы жылы қазақты қара жұмысқа шақырғанда, көшпелі қазақтар бұзылды – 19–31-ді бермейміз деп. Сонда Әлекең Торғай облысы, Торғай оязы, Қабырға болысында, Ақтөбе, Ырғызда, Адайда болған. Оларға насихат айтқан: «Жұмысқа барыңдар, төбелеспендер, қашпаңдар! Өзім сендермен бірге боламын», – деп. Жігіттермен бірге болған, Сібірде қарағай кескен.<sup>18</sup> 1917-нші жылы 27 феуралда Николай түсіп, переуород болғанда, жігіттермен бірге қайтқан.<sup>19</sup> Өлгендерін көміп, ауруларын, тірілерін алып қайтқан.

18 1916 жылдың 25 маусым жарлығы бойынша майданға «қара жұмысқа» алынған қазақ азаматтары Сібірде емес, қазіргі Беларус жеріндегі Күнбатыс майданында жұмыс істеді.

19 Қазақ жігіттерін майданнан бастап келген Аспаңдияр Кенжин. Себебі – 1917 жылдың наурызында Әлихан Петроградқа шақырылып, Уақытша үкіметтің Торғай облысындағы комиссары әрі Түркістан өлкесін басқаратын Түркістан комитетінің мүшесі болып тағайындалды.

Міржақып Дулатұлы да жігіттермен қарағай кескен, қыстай бірге болған. Қазақ елі үшін Ахмет Байтұрсынұлы Орынборда «Қазақ» газетін шығарып, дүниенің хабарын, 19–31-де алынған жігіттер жайын жазып, газетке шығарып отырған.

Қазаққа еңбек қылған осы үш сорлы жігіттер... Қазақ мақалы «Ер егіз, еңбексіз – жалғыз» дейді. Нармамбеттің сөзі:

Қан қайда ақ боп тамған орған кезде,  
Ер қайда мінін салған құрған тезге.  
Қозыдан қоян жүйрік бағланы жоқ,  
Кей жігіт сырты сындар, іші жындар,  
Ақтарсаң жүрегінің ақ дәні жоқ...

...1916-ншы жылы Әлекең Торғайда 19–31 туралы мәжіліс ашып жатқанда, Семейде қайық аударылып, Әбүбәкір Құрманұлы суға кеткен. Сол күні Әбүбәкірді Әлекеңе естірткен.<sup>20</sup>

Адайлар Әлекеңнің алдынан ту алып шығып: «Ханымыз келді!» – дегенде, Әлекең: Қойыңдар!» – деп, ақылын айтып, қойғызған.

«Абылай, бөкейлеп» ұран салған ер Адай!

[Әлихан] Адайларға: 19–31-ді жұмысқа беріңдер. Өзім бірге барамын, бірге боламын, – деп ақылын айтып, тоқтатқан.

1910-ыншы жылы «Айқап» журналын шығарып,<sup>21</sup> қазақ елін дүние жүзіндегі әңгімемен таныстырып, ел қыламын деген Әлекең!..

1912-нші жылы Орынборда Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы «Қазақ» газетін шығарды<sup>22</sup>. Дүние жүзіндегі болып жатқан әңгімемен таныстырып, ел қылмақ еді Әлекең!..

1917-нші жылы 27 феуралда Николай түсті, Петерборда болды. Әлекең әмірімен «Сарыарқа» газетін шығарды. Қазақты дүниеден хабар алып отыратын салтанатты ел қыламын деп!..

20 Көп ұзамай Әлихан «Қазақ» газетінде көңіл айтып, мақала жариялады (Қара: Ғали хан. Әбүбәкір Құрманұлы. Азана. //«Қазақ», № 192, 1916 ж.)

21 «Айқап» журналы 1911 жылы шыға бастады.

22 «Қазақ» газетінің бірінші саны 1913 жылдың 2 ақпанында жарық көрді.

## ТӨРТІНШІ ДӘПТЕР

1918-інші жылы июль айында Семейде Аягөз елі – Қожан деген ел, Садыр Балтабек қажы деген кісі Семей келді. Тұманшы Омар болысты інісімен өлім жазасына бұйырды атаман Анненковтың әфетсерлері деп Семейге қашып келді. Семейде корпус Кариев деген Ершов үйінде тұрды. Соған төрт адам бардық. Омар найман, Тұманшы болысы. Өлімнен Омарды айырмаққа:

1) Анияр Молдабайұлы, 2) Әбіш Хасенұлы, 3) Юніс [Жүніс] Қияқұлы, 4) Смахан Бөкейханұлы Алашорда атынан сұрап, үш адамды өлімнен босатты. Қазақ мақалы: «Қас бекзат баласының қара басын кесіп алса ақырмайды, қаса нардың қабырғалы қолын кесіп алса – бақырмайды».

Кімге лайық сөз екенін халық білер – Ғали занға лайық сөз деген халық.

...Әлекең байшыл емес, кедей, нашар жағында болатын адам.

Құттыбай деген – төренің құлы, Дайыр Сұлтанғазы ұлының. Құттыбай Әлиханға келіп:

– Әлиханжан, алымым 11 сом еді, 99 сом сұрайды старшын. 10 сомнан 10 қара қалай төлеймін? – деп жылады. Әлекең:

– Екі әліптің басын иіп 99 қылған екен, әкел журналды, – депті. Старшын қашып кетті. Журналын отқа өртеп, старшыңды абақтыға алғызды. Сөйтсе, Дайыр төренің баласы өзі істетіпті. Әлекеңнің әкесі Мықан төреге көкжорға ат беріпті.

Әлекең: – Ұят болды, – деп әкесіне айтып қайырып тастаған.

Әлекеңнің әкесі Мықан төре Қосқұдық, Ақжол деген жерді алыпты. Көршілес Сарым жақсы Күзембай деген кісіден балалары: – Әкең жерімді тартып алған, – деді. Соны өзіне қайтартқан Әлекең.

## БЕСІНШІ ДӘПТЕР

1895-інші жылы Тоқырауын болысынан сайлағанда Николайдың «бүктеме» деген сайлауы: бір старшын екі жүз үй болса, бір жағы тоқсан тоғыз болса, бір жағы жүз бір болса,

тоқсан тоғыз үйге түк жоқ. Жүз бір үй төрт елубасы сайлап алады. Сонда байлар елубасы болады. Әбжан Оспан баласы кедей адам, елубасылыққа келгенде «сайламаймыз» дегенде, Әлихан жазып жіберген – елубасы болды.

Бөлкембай болды болысы, Ахметжан Абдырбай бір ауылдан би еді. Берекенің белгісіз елубасы шықты төреден, азғантай ғана үй еді.

Кедей Әбжанды қойған Әлихан. Әділ шарифат болғанда – көп жағына жүйе еді деген сайлауда қазақтың жиын тобында осындай кедейді сайлады, мына Мықанның баласы депті қазақтар.

\* \* \*

1914-інші жылы Әлекең шешесіне, ел-жұртына амандасуға келгенде немере туысқаны Ғали Сырдақ баласының Сара деген қызын Өмірбек Иса баласы алып қашып кеткен. Төрелер ащуланып: «Бұл не деген сұмдық?!» – дегенде, Әлекең:

– Қойыңдар! Өзі сүйген қыздың жолы болсын! – деп туысқандарын тоқтатып, қарындасына қалың малсыз бостандық бергізді. Сол Өмірбек осы күні тірі – сексен бірде.

\* \* \*

1897-нші жылы Әлекең ауылына, үйіне келіп жатқанда, тобықты Балқаш елі жобалай келеді. Қасында Омарбек Ахметұлы деген он сегіз жас бала бар.

– Әлихан, саған келдім. Нұра елінің болысы Мына бала Өрімбай Иманұлының қызын алушы еді. Екі жүз жылқы алып еді. Қызын ұзатып, қайтадан көшін алып келіп түсіріп, бізді қоя берді.

Он мың қойы бар Ахмет осы. Ақшатау болысы, Қожамбек қой!

– Өрімбай, ұят болады, қызыңды бер! – десе, бермепті.

Әлихан Қарқаралыға барып, болыстар жиылып отырған кеңсеге барып: «Нұраның болысы қайда?» – деп сұрапты.

– Мұнда! – депті.

– Соқыр әкеңнің аузын ұрайын Өрімбай! 200 жылқы аласың, қызыңды пәленше еткізесің, неге бермейсің? – деп жатқанда, ар жағынан ояз келіп:

– Букейханов, [Вы] почему ругаетесь? – депті.

[Әлихан] – Мына болысты абақтыға жібер! – деп, жібертіпті.

Жаз шыққан соң [Өрімбай Ахметті] шақырып алып қызын беріпті.

– Құлжамбек, мен саған еңкейіп, «бер» деп келгенде бермеп едің, көзіңе тықтырып бердің ғой, – депті Әлихан.

[Әлихан] бұлардың ауылына барып, үйінен дәм татқан емес.

\* \* \*

1898-інші жылы жұт болып, ел жұтап, Әлекең Омбыдан келіп, жұтаған елге Нұра елі Қушоқы табын деген елге сиыр әперген. Жәрмеңкеден. Жұтаған елге қырық бұзаулы сиыр әперген. Қайта төлеусіз болды, содан малданған адамдар да болды.

\* \* \*

Әлекең туысқандарына айтқан: «Қосты жылқы, қоралы қой ешнәрсе болмайды. Сендер бір жерге жиылып үй салып, ыш-кол салып, бала оқытып, егін, жоңышқа, картопия, диірмен салып, отырықшылықты бастаңдар!» – дегенде, тілін алмаған. Сонда [Әлихан] «Ана диірмен салып, егін салып отырған Бекетай Рүстем тоқалының баласы түбінде сол озады», – деген.

Ашаршылықта сол озды, өзгелер аштан өлді. Әлихан – Мырзатай немересі; Рүстем, Мырзатай бір туған.

1901-інші жылы Мықан төре өліп, Әлихан Омбыдан келіп, сол жылы мал санағы, алым шығынды түндікке салады. Әлекең елге айтты:

– Екі жүз үй құлық жеті ауылнай ел болады. Сіз алымды үй басына емес, малға тартыңдар – дейді.

Ел тілін алып, малды санап малға тартады. Кедейлер алым, шығыннан босады. Семей облысы, Қарқаралы оязы, Тоқырауын болысы, 7-нші ауыл «алым-шығынды малға тарттық» деп Омбыдан шығатын «Дала уалаятының газетіне» басты.

Байлар Әлекеңе өкпелеп, інісі Смахан Төлеубай байдың Мәзбала деген қызын аламын деп, сонда Төлеубай айтыпты:

– Алымнан құтқарған кедейдің қызын әперсін! – депті. – Басымды төрелер ауыртпасын! – депті.

Әлихан: – Смахан бұл жұмысты қойсын! – деп қойғызыпты.